

Өндірістік кооператив туралы

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 5 қазандағы N 2486 Заңы.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР 2001.07.12 N 241 Заңымен.

Ескерту. Кіріспе алып тасталды - ҚР 29.10.2015 № 373-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

1-тaraу. Жалпы ережелер

Ескерту. Бұқіл мәтін бойынша "Жарлықты", "Жарлыққа", "Жарлықтың" "Жарлықта", "Жарлық" деген сөздер тиісінше "Заңды", "Заңға", "Заңның", "Заңда", "Заң" деген сөздермен ауыстырылды - Қазақстан Республикасының 2001.07.12. № 241 Заңымен.

1-бап. Өндірістік кооператив үйімі

1. Азаматтардың бірлескен кәсіпкерлік қызмет үшін мүшелік негізде, олардың жеке енбегімен қатысуына және мүшелерінің мүліктік жарналарын (пайларын) біріктіруіне негізделген ерікті бірлестігі өндірістік кооператив болып танылады.

2. Өндірістік кооператив коммерциялық үйім болып табылады.
3. Өндірістік кооператив заңды тұлға болып табылады.

1-1-бап. Өндірістік кооперативтердің құрудың және оның қызметінің негізгі принциптері

Өндірістік кооперативтер мынадай принциптер негізінде жұмыс істейді:

мүшелікке кіру мен шығудың еркіндігі;

мүліктік (пайлық) жарна енгізу міндеттілігі;

басқарудың демократиялылығы;

өзара көмек және оның мүшелері үшін экономикалық тиімділікті қамтамасыз ету;

өндірістік кооперативтің қызметі туралы ақпаратқа қол жететіндігі.

Ескерту. 1-1-баппен толықтырылды – ҚР 12.07.2001 № 241 Заңымен.

1-2-бап. Осы Заңның негізгі мақсаттары мен міндеттері

1. Кооперацияны дамытуды қолдау, шағын және орта бизнесі нығайту, жаңа жұмыс орындарын ашу, халықтың өмір сүру деңгейін арттыру және экономикалық тұрақтылықты нығайту үшін жағдайлар жасау осы Заңның негізгі мақсаттары болып табылады.

2. Осы Заңның негізгі міндеттері:

1) өндірістік кооперативтердің құру, тіркеу, олардың жұмыс істеуі және тарату үшін құқықтық негіз белгілеу;

2) өндірістік кооператив мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ олардың өзара іс-қимыл жасау қағидаларын айқындау;

3) өндірістік кооператив мүшелерінің арасында пайда мен шығындарды бөлу тәртібін реттеу;

4) өндірістік кооператив ішінде шешімдер қабылдау тетіктерін белгілеу;

5) шағын және орта бизнесі дамытуды және елдегі экономикалық тұрақтылықты нығайтуды қамтамасыз ету.

Ескерту. 1-2-баппен толықтырылды – КР 05.07.2024 № 115-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Заңымен.

2-бап. Өндірістік кооперативтердің қызметі

1. Өндірістік кооператив жеке кәсіпкерлік үшін заң актілерімен тыйым салынбаған кәсіпкерлік қызметтің кез-келген түрін жүзеге асыруға хақылы.

2. Мемлекеттік лицензиялау қолданылатын қызметті өндірістік кооператив лицензиясы бар болған жағдайда жүзеге асырады.

3. Өндірістік кооперативтің мақсаты мен мәнін жарғы анықтайды.

4. Арнайы заңмен реттелетін қызметті жүзеге асыру үстінде өндірістік кооперативтер, сол сияқты осы Заңды да басшылыққа алады.

Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерін арнайы реттейтін заң актілерінің нормалары осы Заңның нормаларына қайшы келген жағдайда заң актілерінің нормалары қолданылады.

Ескерту. 2-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2001.07.12 № 241 Заңымен.

2-1-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

1. Осы Заңның күші өндірістік кооперативтердің қызметін реттейтін қатынастарға, олардың құрылудының, қызметтің, қайта ұйымдастырудының және таратылудының ұйымдастыру, экономикалық және әлеуметтік шарттарына, мүшелерінің құқықтары мен міндеттеріне, басқару және бақылау органдарының өкілеттіктері мен жауапкершілігіне қолданылады.

2. Осы Заңның күші "Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы"

Қазақстан Республикасының Заңында айқындалатын өндірістік кооператив нысанында құрылатын ауыл шаруашылығы кооперативінің құқықтық жағдайын, сондай-ақ оның мүшелерінің құқықтық жағдайын, құқықтары мен міндеттерін реттеу жөніндегі қатынастарға қолданылмайды.

Ескерту. 1-тaraу 2-1-баппен толықтырылды - КР 29.10.2015 № 373-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

2-taraу. Өндірістік кооперативті құру

3-бап. Өндірістік кооперативті құру тәртібі

1. Өндірістік кооператив құрылтайшы-жеке тұлғалардың жалпы жиналысының шешімімен құрылады.

Егер өндірістік кооперативтің құрылтайшысы (мүшесі) шетел азаматы болған жағдайда мұндай кооперативтің ұйымдастырылуы мен қызметіне Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы Заңның күші қолданылады.

2. Өндірістік кооперативтің құрылтайшылары екеуден кем болмауға тиіс.

3. Өндірістік кооператив құрылғаннан кейін құрылтайшылар кооператив мүшелері болады және өндірістік кооперативтің басқа мүшелерімен бірдей құқықтар мен міндеттерді иеленеді.

Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2001.07.12 N 241 Заңымен; 29.10.2015 № 376 -V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

4-бап. Өндірістік кооперативтің құрылтай құжаттары

Өндірістік кооператив өз қызметін құрылтай шарты мен жарғының негізінде жүзеге асырады.

Өндірістік кооперативтің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылатын шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері өз қызметін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мазмұнын айқындастын үлгі жарғының негізінде жүзеге асыра алады.

Ескерту. 4-бапқа өзгерту енгізілді – ҚР 1997.06.19 N 132, 2004.03.18 N 537, 2008.07.04 N 54-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз); 24.11.2021 № 75-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

5-бап. Өндірістік кооперативтің құрылтай шарты

1. Өндірістік кооперативтің құрылтай шартында мыналар болуға тиіс:

1) өндірістік кооперативті құру туралы шешім, оның фирмалық атауы және орналаскан жері;

2) кооператив мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты, туған күні мен туған жері, сондай-ақ тұрғылықты жері көрсетілген дербес құрамы;

3) кооперативті құру жөніндегі іс-әрекет тәртібі;

4) құрылтайшылардың кооператив меншігіне беретін мүліктік журналарының құрамы мен мөлшері туралы мәліметтер;

5) іс-әрекеті кооперативті құру және тіркеу үшін қажетті кооперативтің лауазымды тұлғаларын тағайындау (сайлау) туралы шешім;

6) кооперативті құру және оның жұмысын ұйымдастыру мәселелерін шешуге байланысты аталған тұлғалардың өкілеттіктерін белгілеу;

7) кооперативтің жарғысын бекіту;

8) таза табыс пен шығынды бөлу тәртібі;

9) құрылтайшылардың кооперативтен шығу тәртібі.

Өндірістік кооперативтің құрылтай шартына құрылтайшылардың шешімі бойынша осы Заңға қайшы келмейтін басқа да талаптар енгізілуі мүмкін.

2. Құрылтай шартына құрылтайшылардың бәрі қол қояды.

3. Өндірістік кооперативтің құрылтай шарты коммерциялық құпия болып табылатын құжаттар құрамына кіреді әрі мемлекеттік және өзге де ресми органдарға, сондай-ақ үшінші тұлғаларға тек қана кооперативтің атқарушы органының шешімі бойынша не заң актілерінде белгіленген жағдайда ұсынылуға тиіс.

Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.12. N 241, 2004.03.18. N 537 Зандарымен.

6-бап. Өндірістік кооперативтің жарғысы

1. Өндірістік кооперативтің жарғысында:

1) кооперативтің фирмалық атауы;

2) кооператив орналасқан жер;

3) өндірістік кооператив мүшелерінің қабылдану, шығу және оларды шығару тәртібі, олардың құқықтары мен міндеттері;

4) кооперативтің басқару және бақылау органдарының құрамы мен құзыretі туралы ережелерді қалыптастыру және олардың шешімдер қабылдау соның ішінде бірауыздан немесе басым көпшілік дауыспен шешім қабылданатын мәселелер бойынша шешімдер қабылдау тәртібі;

5) өндірістік кооперативтің әрбір мүшесі пайының мөлшері, өндірістік кооператив мүшелерінің мүліктік жарнасының құрамы мен оны енгізу тәртібі және олардың жарна енгізу жөніндегі міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілігі;

6) кооператив мүшелерінің кооператив қызметіне жеке еңбегімен қатысу сипаты мен тәртібі және олардың жеке еңбегімен қатысу жөніндегі міндеттемелерін бұзғаны үшін жауапкершілігі;

7) кооператив пен оның мүшелері, кооперативтің атқарушы органы мен қызметкерлердің еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынастар;

8) кооперативтің таза табысы мен шығындарын бөлу тәртібі;

9) кооперативті қайта ұйымдастыру мен тарату тәртібі туралы мәліметтер болуға тиіс.

Өндірістік кооперативтің жарғысында осы Заңға қайшы келмейтін басқа да ережелердің болуы мүмкін.

2. Кооперативтің фирмалық атауында оның аты, сондай-ақ "өндірістік кооператив" деген сөздер болуға тиіс.

3. Жарғы құрылтайшылардың жалпы жиналысында бекітіледі.

Жарғы бірауыздан бекітілуге тиіс.

Жарғыға өзгеріс осы Заңның 15-бабында көзделген тәртіппен кооператив мүшелері жалпы жиналысының шешімімен енгізіледі.

Жарғыға кооператив басқармасының төрағасы (кооператив төрағасы) қол қояды.

4. Өндірістік кооперативтің жарғысы мемлекеттік немесе өзге де ресми органдарға, сондай-ақ кооперативтен шарттық қатынасы бар не онымен осындай қатынасқа енүге тілек білдірушілердің талап етуі бойынша ұсынылады.

Ескерту. 6-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.12. N 241 Заңымен.

7-бап. Кооператив мүшесінің мүліктік жарнасы

1. Өндірістік кооператив мүшелерінің мүліктік жарналары бастапқы капиталды қалыптастырады және кооператив қызметін құру мен ұйымдастыруға, сондай-ақ шығындарды жабуға арналады.

2. Мүліктік жарналардың құрамы мен мөлшері, сондай-ақ оларды енгізу тәртібі, жолдары мен мерзімі құрылтай шартында немесе жарғыда белгіленеді.

3. Кооперативтің жалпы жиналысының шешімі бойынша кооператив мүшесінің қосымша мүліктік жарналарды енгізуі көзделуі мүмкін. Бұл туралы шешім осы Заңың 15-бабында белгіленген тәртіппен қабылданады.

4. Жаңадан қабылданатын мүшениң мүліктік кіру жарнасы оның кооперативпен келісімінде белгіленеді және кооператив мүшелері жалпы жиналысының хаттамасында көрсетіледі.

5. Кооперативтің әрбір мүшесіне оның мүліктік кіру жарнасының мөлшері мен түрін куәландыратын құжат беріледі.

6. Кооперативке енгізілетін мүліктік жарна - ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, соның ішінде жер пайдалану құқығы, санаткерлік меншік нәтижелеріне құқығы мен өзге де мүлік болуы мүмкін.

Кооператив мүшелерінің мүліктік жарнасын ақшалай бағалау тек қана кооператив құрылтайшыларының арасындағы келісім бойынша жүргізіле алмайды және ол тәуелсіз аудиттен өтуге тиіс. Кооператив мүшелерінің мүліктік жарнасы тек ақшадан ғана тұрған жағдайда тәуелсіз аудит жүргізілмейді.

Өндірістік кооперативті қайта тіркеген кезде оның мүшесінің мүліктік жарнасын ақшалай бағалау кооперативтің бухгалтерлік құжаттарымен не аудиторлық есеппен расталуы мүмкін.

7. Кооператив мүшесі мүлікті кооперативке жарна ретінде тек қана пайдалануға берген жағдайда, жарнаның мөлшері кооператив мүшелерінің келісімінде белгіленген кезең үшін есептелген осы мүліктің пайдаланылғаны үшін төленетін жал төлеміне қарай анықталады.

Ескерту. 7-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.07.15. N 30, 1997.07.11. N 154, 2001.07.12. N 241, 2006.05.05. N 139 Заңдарымен.

3-тарау. Өндірістік кооперативке мүшелік

8-бап. Өндірістік кооператив мүшелері

1. Кооператив мүшелері екеуден кем болмауға тиіс.

2. Өндірістік кооперативке жасы он алтыға толған, кооператив мүшесі болуға тілек білдірген және оның қызметіне жеке еңбегімен қатысуға қабілетті кез-келген жеке тұлға мүше бола алады.

3. Кооперативке мүше болып кіру үшін негізгі жұмыс немесе оқу орны бойынша әкімшіліктің (занды тұлға органының) келісімі талап етілмейді.

Кәмелетке толмаған азаматтардың кооперативке мүше болып кіруі үшін олардың ата-анасының, асырап алушылардың немесе қамқоршыларының келісімі талап етіледі.

9-бап. Өндірістік кооператив мүшесінің құқықтары

1. Өндірістік кооператив мүшесінің:

1) осы Занда және кооперативтің құрылтай құжаттарында белгіленген тәртіппен кооператив істерін басқаруға, сондай-ақ кооператив мүшелерінің жалпы жиналышының жұмысына бір дауыс құқығымен қатысуға;

2) Кооперативтің басқару органдарына сайлауға және сайлануға, кооператив қызметін жақсарту, оның органдары мен лауазымды тұлғаларының жұмысындағы кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізуге;

3) кооперативтің қызметі туралы толық ақпарат алуға, соның ішінде кооперативтің бухгалтерлік және басқа құжаттамаларымен танысуға;

4) кооператив алған таза табысты бөлуге қатысуға;

5) егер құрылтай құжаттарында өзгеше тәртіп көзделмесе, кооператив қызметіне өз еңбегімен қатысуына сәйкес оның мүшелері арасында бөлінуге тиісті таза табыстан үлесін алуға;

6) кооперативтегі өз еңбегі үшін жалақы түрінде немесе кооператив белгілеген өзге де түрде ақы алуға;

7) кооператив өзінің мүшелері үшін көздейтін женілдіктер мен артықшылықтарды, соның ішінде өздері өндірген тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) бірінші кезекте алуға қатысты бөлігінде пайдалануға, кооператив мүлкін тұтынуға, кооперативтен әлеуметтік көмек алуға;

8) демалуға, сондай-ақ жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын алуға;

9) әлеуметтік қамсыздандыруға;

10) белгіленген тәртіппен кооперативтен шығуға құқығы бар.

2. Кооператив мүшесінің осы Занда, өзге де заң актілері мен кооперативтің құрылтай құжаттарында көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

3. Өндірістік кооператив мүшесі үшін осы Заң мен басқа да заң актілерінде көзделген құқықтардан бас тартудың немесе оларды шектеудің, соның ішінде кооператив мүшелерінің келісімі бойынша, маңызсыз.

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2001.07.12. N 241 Заңымен; 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

10-бап. Өндірістік кооператив мүшесінің міндеттері

1. Өндірістік кооперативтің мүшесі:
 - 1) кооперативтің құрылтай құжаттарында көзделген талаптарды сақтауға;
 - 2) жалпы жиналыстың, кооперативтің сайланбалы басқару органдарының өз құзыретіне сәйкес қабылдаған шешімдерін орындауға;
 - 3) кооперативтің құрылтай құжаттарында көзделген тәртіппен, жолмен және мөлшерде кооператив мүлкіне мүліктік жарна енгізуге;
 - 4) кооператив қызметіне жеке еңбегімен қатысады жүзеге асыруға;
 - 5) кооператив міндеттемелері бойынша мөлшері мен тәртібі осы Занда белгіленген мөлшерде және тәртіппен қосымша (жәрдемақылық) жауапкершілікте болуға;
 - 6) өндірістік және еңбек тәртібін, еңбекті қорғау ережелері мен қауіпсіздік техникасын сақтауға;
 - 7) кооператив өзінің коммерциялық құпиясы деп жариялаған мәліметтерді таратпауға міндетті.

2. Кооператив мүшесінің осы Занда, басқа да заң актілері мен құрылтай құжаттарында көзделген өзге де міндеттері болуы мүмкін.

10-1-бап. Өндірістік кооперативтің ақпарат беруі

Өндірістік кооперативтің атқарушы органды сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы кооператив мүшелерін ҳабардар етуге міндетті.

Кооператив мүшелеріне сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат кооператив мүшелерінің жалпы жиналысының шешімінде көзделген тәртіппен (егер құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе), өндірістік кооператив соттың тиісті хабарламасын немесе корпоративтік дау бойынша азаматтық іске шақыруды алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей берілуге тиіс.

Ескерту. 10-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2008.07.05 N 58 -IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Занымен.

11-бап. Өндірістік кооперативке мүшеліктің тоқтатылуы және оның мүшелері құрамындағы өзгерістер

1. Кооператив мүшесі кооператив басқармасының төрағасына (кооператив төрағасына) шығуынан екі апта бүрін бұл жайында жазбаша түрде ескерте отырып, өз қалауы бойынша кооперативтен шығуға хақылы. Ескертудің бұдан ұзағырақ мерзімі құрылтай құжаттарында көзделуі мүмкін, бірақ ол екі айдан аспауға тиіс. Өндірістік кооперативтің мүшесі осы мерзімдер өткеннен кейін кооперативтен шыққан болып есептеледі.

2. Кооператив мүшесі жалпы жиналыстың шешімі бойынша одан мынадай:

- 1) өзіне кооператив жарғысымен жүктелген міндеттерді ұдайы атқармаған немесе ойдағыдай атқармаған жағдайда;
- 2) осыған үксас кооперативке мүше болуына байланысты;
- 3) құрылтай құжаттарында көзделген басқа да жағдайларда шығарылуы мүмкін.

Өндірістік кооперативтің мүшелігінен шығару туралы шешімге сотқа шағым жасалуы мүмкін.

3. Кооперативке мүшелік мынадай:

1) кооператив мүшесі қайтыс болған, оны өлді деп хабарлаған, ол хабарсыз жоқ болып кетті деп танылған;

2) кооператив мүшесі өз пайын осы баптың 5-тармағында көзделген тәртіппен басқа адамға берген;

3) кредит беруші (кредит берушілер) кооператив мүшесінің пайына айып өндіріп алған;

3-1) кооператив мүшесі өндірістік кооперативтің қызметіне жеке еңбегімен қатысадан бас тартқан жағдайда тоқтатылады.

4. Егер кооператив жарғысында өзгеше көзделмесе, кооператив мүшесі қайтыс болған жағдайда, оның мұрагерлері кооператив мүшелігіне қабылдануы мүмкін.

5. Егер кооперативтің құрылтай құжаттарында не заңнамалық актілерде өзгеше көзделмесе, кооператив мүшесі өз пайын немесе оның бір бөлігін кооперативтің басқа мүшесіне (мүшелеріне) сатуға немесе өзгеше түрде беруге хақылы.

Пайды (оның бір бөлігін) кооперативтің мүшесі болып табылмайтын азаматқа беруге, егер заңнамалық актілерде өзгеше көзделмесе, кооператив мүшелерінің келісімімен ғана жол беріледі. Бұл ретте, осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, кооперативтің басқа мүшелері осы пайды (оның бір бөлігін) сатып алуға басым құқықты иеленеді.

6. Кооператив мүшесі болып табылмайтын тұлғага осы бапта белгіленген тәртіппен пай немесе оның бір бөлігі берілсе және ол кооперативке кіруге тілек білдірсе, мүшелікке қабылдануға тиіс.

7. Зейнет жасына жеткен кооператив мүшелері кооператив жарғысында көзделген шартпен кооперативке мүшелігін сактап қала алады.

8. Кооперативке жаңа мүшелер қабылдау осы Заңның 15-бабында көзделген тәртіппен кооператив мүшелерінің жалпы жиналышында жүргізіледі.

Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2001.07.12. N 241, 2007.08.07. N 321; 29.06.2020 № 352-VI (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

12-бап. Өндірістік кооператив мүшесінің пайынан айып өндіріп алу

1. Кооператив мүшесінің пайынан оның жеке борышы бойынша айып өндіріп алуға оның осы борышын өтеу үшін басқа мүлкі жетіспеген жағдайда ғана жол беріледі.

2. Пайынан айып өндіріп алынған ретте кооператив өзінің борышқор мүшесінің пайына сәйкес кооператив мүлкіндегі үлесін бөліп береді. Улестің мөлшері кредит берушінің (кредит берушілердің) талабы келіп түсken күнгі бухгалтерлік есеп мәліметтері бойынша анықталады.

Үлес ақшалай немесе заттай түрде бөлінеді.

13-бап. Өндірістік кооперативке мүшеліктің өзгеруінің салдары

1. Кооператив мүшесі өз қалауы бойынша кооперативтен шыққан, сондай-ақ одан шығарылған жағдайда (осы Заңның 11-бабының 1 және 2-тармақтары), кооператив мүшесіне оның пайы төленуге немесе берілуге, сондай-ақ жарғыда көзделген басқа да төлемдер жасалуға тиіс.

Кооперативтен шығатын мүшеге пайын немесе басқа мүлікті беру қаржы жылы аяқталып, кооперативтің бухгалтерлік балансы бекітілгеннен кейін жүргізіледі.

Кооперативтен шыққан мүшениң кооперативпен келісім бойынша пайдың құнын төлеу заттай түрде мүлікті берумен алмастырылуы мүмкін.

Кооперативтен шығатын мүшеге, сондай-ақ кооперативтің осы жылы алған пайдасынан оған тиесілі бөлігі оның бұл жылы кооперативте болған кезеңі үшін төленеді.

2. Кооператив қызметіне жеке еңбегімен қатысқаны үшін төлемдер кооперативке мүшелік тоқтатылған күннен бастап бір ай мерзім ішінде жасалады.

3. Кооператив қызметіне жеке еңбегімен қатысуы жөніндегі міндеттемесін бұзғаны үшін кооператив мүшесі одан шығарылған жағдайда кооперативтің аталған мүшесі, ол осы кооперативте жұмыс істемеген кезеңде алынған пайданы бөлісуге қатыспайды.

4. Егер кооперативтің құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе, шығатын мүшениң кооперативке берген мүлкі сыйақысыз қайтарылады.

4-1. Кооператив мүшесі одан шыққан кезде құқығы (соның ішінде шартты жер үлесіне құқығы) өндірістік кооперативке жарна ретінде берілген жер участекін нақтылы бөліп шығару Қазақстан Республикасының жер заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Қайтыс болған кооператив мүшесінің мұрагері кооперативке кіруден бас тартқан не мұрагерді қабылдаудан кооператив бас тартқан ретте оған қайтыс болған кооператив мүшесінің пайына сәйкес мүліктегі үлесі, сондай-ақ кооперативтің таза табысының қайтыс болған адамға тиесілі бөлігі және кооператив қызметіне жеке еңбегімен қатысқаны үшін сыйақы төленеді.

6. Кооператив мүшесі (мүшелері) кооперативтен шыққан мүшениң пайын немесе пайының бір бөлігін сатып алған ретте сатып алушының кооператив мүлкіндегі үлесі оның пайының ұлғаюына шамалас артады.

7. Кооперативтен шыққан мүшеге немесе оның мұрагерлеріне кооператив пай төлегенде немесе бергенде, сондай-ақ кооператив мүшесінің пайынан оның жеке борышы бойынша кредит берушілер айып өндіріп алған ретте қалған кооператив мүшелерінің үлестері шығу күніне белгіленген олардың пайларының мөлшеріне сәйкес ұлғаяды.

8. Кооперативке мүліктік жарнасын енгізу арқылы жаңа мүшениң қабылдаған ретте кооператив мүшелерінің оның мүлкіндегі үлестерінің жаңа мөлшері белгіленеді.

Ескерту. 13-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.12. N 241, 2003.12.29. N 512 Зандарамен .

14-бап. Өндірістік кооператив мүшелерінің кооператив міндеттемелері бойынша жауапкершілігі

1. Кооператив мүшелерінің кооператив міндеттемелері бойынша қосымша (жәрдемақылық) жауапкершілігі болады.

2. Кооператив құрылғаннан кейін пайдың берілуі немесе пайға мұрагерлік ету тәртібімен оған кірген кооператив мүшесі өзі кооперативке кіргенге дейін пайда болған міндеттемелер бойынша да басқа мүшелермен бірдей жауап береді.

3. Кооператив құрылғаннан кейін кірген кооператив мүшесі өзі кооперативке кіргеннен кейін пайда болған міндеттемелер бойынша жауап береді.

4. Кооперативтен пайын басқа мүшеге немесе үшінші бір тұлғаға беру тәртібімен шыққан оның мүшесі, кредит беруші (кредит берушілер) оның үлесінен айып өндіріп алған жағдайда, сондай-ақ қайтыс болған мүшениң кооператив мүшелігіне қабылдаудан бас тартылған мұрагері кооператив міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

5. Кооператив мүшесінің кооператив міндеттемелері бойынша қосымша (жәрдемақылық) жауапкершілігінің шекті мөлшері құрылтай құжаттарында белгіленеді, бірақ ол кооператив мүшесінің пайы құнының мөлшерінен төмен болмауға тиіс. Кооператив мүшелері арасында жауапкершілікті бөлу олардың пайларының мөлшеріне сәйкес жүргізіледі.

4-тaraу. Өндірістік кооперативті басқару

15-бап. Өндірістік кооператив мүшелерінің жалпы жиналышы

1. Кооперативтің жоғары органды оның мүшелерінің жалпы жиналышы болып табылады.

Мүшелерінің саны 100-ден асатын кооперативтерде құрылтай құжаттарымен жоғары органдың функцияларын уәкілдер жиналышына беру көзделуі мүмкін.

2. Кооператив мүшелері жалпы жиналышының ерекше құзыретіне мыналар жатады:

1) кооператив жарғысын өзгерту;

1-1) кооператив қызметінің негізгі бағыттарын айқындау;

2) атқарушы орган, тексеруші органдар мен байқаушы кеңесін құру және олардың мүшелерін кері шақырып алу;

3) кооператив қорлары мен резервтерінің түрлері мен мөлшерін және олардың пайдаланылу бағыттарын анықтау;

4) кооперативтің ішкі еңбек тәртібі ережелерін, лауазымды адамдарының, оның мүшелері мен қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу туралы ережелерді және кооперативтің басқа да актілерін қабылдау және өзгерту;

5) кооперативтің филиалдары мен өкілдіктерін, шаруашылық серіктестіктерін құру және оларға мүше ретінде кіру;

- 6) қосымша пай жарналарын енгізу туралы мәселені шешу;
- 7) кооператив мүшелігіне қабылдау және шығару;
- 8) кооперативтің жылдық есептері мен бухгалтерлік баланстарын бекіту, оның пайдасын және шығынын болу;
- 9) кооперативті қайта құру мен тарату туралы шешім;
- 10) ревизиялық комиссияның (ревизордың) есебін бекіту;
- 11) кооператив басқармасының (кооператив төрағасының) есебін тыңдау.

3. Кооперативтің құрылтай құжаттарымен жалпы жиналыстың ерекше құзыretіне сол сияқты басқа мәселелерді шешу де жатқызылуы мүмкін.

4. Жалпы жиналыс өзінің ерекше құзыretіне жатқызылған мәселелерді кооперативтің атқарушы органының шешуіне бере алмайды.

5. Кооператив мүшелерінің жалпы жиналысы кезекті және кезектен тыс болуы мүмкін.

6. Кезекті жалпы жиналыс кооператив басқармасы (кооператив төрағасы) белгілеген мерзімде, бірақ қаржы жылы аяқталғаннан кейін үш айдан кешіктірілмей өткізіледі.

Кооператив мүшелерінің кезекті жалпы жиналысы:

- 1) кооперативтің жылдық есебі мен бухгалтерлік баланстарын, оның пайдасын және шығының бөлуді бекітеді;
- 2) ревизиялық комиссияның (ревизордың) есебін бекітеді;
- 3) кооператив басқармасының (кооператив төрағасының) есебін тыңдайды;
- 4) осы баптың 8-тармағына сәйкес қарауға ұсынылған кооператив қызметінің басқа да мәселелерін шешеді.

7. Кезектен тыс жалпы жиналыс кооператив басқармасының (кооператив төрағасының) өз бастамасымен, байқаушы кеңесінің шешімімен, ревизиялық комиссияның (ревизордың) талап етуімен, сондай-ақ кооператив мүшелерінің кемінде жиырма процентінің талап етуімен шақырылады.

Кезектен тыс жалпы жиналысты шақыру туралы басқармаға қойылған талап оның мәлімделген күнінен бастап жиырма күн ішінде орындалуға тиіс. Олай болмаған жағдайда кезектен тыс жалпы жиналысты шақыру туралы талапты қойған кооператив мүшелері жиналысты өздері шақыруға хақылы.

8. Кооператив мүшелерінің жалпы жиналысының болатын күні, орны, уақыты және күн тәртібі туралы басқарма төрағасы (кооператив төрағасы) кооператив мүшелеріне жиналыс өткізілерден кемінде жиырма күн бұрын жазбаша хабарлайды.

Егер тиісті кворум болған жағдайда жиналысқа қатысқан кооператив мүшелері бірауыздан өзге шешім қабылдамаса, жалпы жиналыстың күн тәртібіне өзгерістер енгізуге және оған енгізілмеген мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға хақы жок. Егер кворум болмағандықтан жалпы жиналысты өткізу мерзімі ауыстырылған болса, оны қайта шақыру нақ осы тәртіппен жүзеге асырылады.

9. Егер жалпы жиналысқа кооператив мүшелерінің немесе олардың сенімді өкілдерінің жартысынан астамы қатысса ол құқылы деп саналады.

10. Жалпы жиналыстың жұмыс регламенті мен дауыс беру тәртібін (ашық немесе жасырын) кооператив мүшелерінің жалпы жиналысы белгілейді.

11. Жалпы жиналыс шешімдер қабылдаған кезде кооперативтің әрбір мүшесі өз пайының мөлшеріне қарамастан бір дауысқа ие болады.

12. Егер жалпы жиналыстың шешімі үшін жиналысқа қатысқан кооператив мүшелерінің немесе олардың сенім білдірген адамдарының жартысынан астамы дауыс берсе, ол қабылданды деп саналады.

Осы баптың 2-тармағының 1), 6), 7) және 9)-тармақшаларында көзделген мәселелер жөніндегі шешім үшін кооператив мүшелерінің үштен екі бөлігі дауыс берсе, ол қабылданды деп есептеледі.

Кооперативті шаруашылық серіктестік етіп өзгерту нысанында қайта құру бірауыздан қабылданған шешім негізінде жүргізіледі.

13. Кооператив жарғысында бірауыздан немесе көпшілік дауыспен шешім қабылданатын мәселелер белгіленуі мүмкін.

14. Кооперативтен шығару туралы мәселесі қаралатын кооператив мүшесі дауыс беруге қатыспайды.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2001.07.12. N 241 Заңымен; 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.06.2020 № 352-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

16-бап. Өндірістік кооперативтің байқаушы кеңесі

1. Өндірістік кооперативте оның атқарушы органдың қызметін бақылауды жүзеге асыратын байқаушы кеңес құрылуы мүмкін.

Тек кооператив мүшелері ғана байқаушы кеңестің мүшелері бола алады.

2. Байқаушы кеңестің мүшелері кооператив мүшелерінің жалпы жиналысында сайланады. Байқаушы кеңестің саны, жұмыс істеу мерзімі және құзыretі кооператив жарғысымен белгіленеді. Байқаушы кеңестің мүшесі осымен бір мезгілде басқарма мүшесі немесе кооператив төрағасы бола алмайды.

3. Кооператив жарғысында байқаушы кеңестің құзыretіне кооператив басқармасының (кооператив төрағасының) есебін дүркін-дүркін тыңдау, атқарушы аппараттың лауазымды тұлғаларын тағайындауға келісім беру, жарғыда белгіленген мөлшерден асатын сомаға жасалған мәмілелерді күнілгері макұлдау, кооператив мүшелерінің жалпы жиналысы шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асыру жатқызылуы мүмкін.

4. Байқаушы кеңес өзінің ерекше құзыretіне жатқызылған мәселелерді кооперативтің атқарушы органдың шешуіне бере алмайды.

5. Байқаушы кеңес мүшелерінің өндірістік кооператив атынан іс-әрекет жасауға хақы жоқ.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.02.2017 № 49-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).
17-бап. Өндірістік кооперативтің тексеру комиссиясы

1. Кооперативте оның атқарушы органының қаржы қызметін бақылауды жүзеге асыратын тексеру комиссиясы құрылуы мүмкін. Тек кооператив мүшелері ғана тексеру комиссиясының мүшелері бола алады. Тексеру комиссиясының мүшелері кооперативтің байқаушы кеңесінің және атқарушы органының мүшелері бола алмайды.

2. Тексеру комиссиясының мүшелері кооператив мүшелерінің жалпы жиналышында сайланады. Тексеру комиссиясының саны, жұмыс істеу мерзімі мен құзыреті кооператив жарғысында белгіленеді. Кооперативтің құрылтай құжаттары тексеру комиссиясының орнына кооперативтің тексерушісін сайлауды көздеуі мүмкін.

3. Кооперативтің тексеру комиссиясы (тексерушісі) кооператив мүшелерінің жалпы жиналышына кооперативтің жылдық есептері мен бухгалтерлік баланстарының растығы туралы қорытынды береді.

4. Ревизиялық комиссия (ревизор) кооперативтің жалпы жиналышының, байқаушы кеңесінің тапсыруымен, өз бастамасы немесе кооператив мүшелерінің кемінде он процентінің талап етуі бойынша тексерістерді жүзеге асыра алады.

5. Ревизиялық комиссия (ревизор) кооперативтің қаржылық құжаттамасымен танысуға хақылы.

6. (алып тасталды)

7. (алып тасталды)

Ескерту. 17-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2001.07.12. N 241; 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.06.2020 № 352-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

17-1-бап. Өндірістік кооперативтің аудиті

1. Кооператив өндірістік кооперативтің жылдық қаржылық есептілігінің, сондай-ақ оның ағымдағы ісінің жай-жағдайы дұрыстығын тексеру және растау үшін, кооперативпен, оның атқарушы, бақылаушы және өзге органдарының мүшелерімен немесе кооператив мүшелерімен мүліктік мүдделер арқылы байланысы жоқ аудиторлық үйімді өзінің жарғысында белгіленген жағдайларда және тәртіппен тартуға құқылы.

2. Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өндірістік кооперативтер үшін жылдық қаржылық есептілікке аудитті міндетті түрде жүргізу заң актілерімен белгіленуі мүмкін.

3. Өндірістік кооперативтің қаржылық қызметіне аудит байқаушы кеңесінің, тексеру комиссиясының (ревизордың), сондай-ақ кооператив мүшелерінің кемінде он

процентінің талабы бойынша жүргізілуі мүмкін. Соңғы жағдайда осындай тексеру жүргізуді талап еткен кооператив мүшелері аудиторлық ұйымның қызметіне ақы төлейді.

4. Егер өндірістік кооперативтің атқарушы органы кооперативтің қаржылық есептілігіне аудит жүргізуден жалтарса, ал аудит міндетті болса не оны жүргізуді өндірістік кооперативтің мүшесі талап етсе, аудит мүдделі адамның не өндірістік кооператив мүшесінің өтініші бойынша қабылданған сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

Ескерту. 17-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2001.07.12. N 241, өзгерту енгізілді - 2006.05.05. N 139 Зандарымен.

18-бап. Өндірістік кооперативтің атқарушы органдары

1. Кооперативтің басқармасы немесе төрағасы кооперативтің атқарушы органы болып табылады.

2. Кооператив басқармасының оның мүшелерінің жалпы жиналысы басқарма мүшелері ішінен сайлаған басқарма төрағасы басқарады.

3. Кооператив басқармасының мүшелері (кооператив төрағасы) кооператив мүшелерінің жалпы жиналысында сайланады.

Басқарма мүшелерінің саны, сондай-ақ басқарма (басқарма төрағасы) сайланатын мерзім кооператив жарғысында белгіленеді.

Тек кооператив мүшелері ғана басқарма мүшелері (кооператив төрағасы) бола алады.

Басқарма мүшесі (кооператив төрағасы) осымен бір мезгілде байқаушы кеңестің мүшесі бола алмайды.

4. Кооператив басқармасы (кооператив төрағасы) кооператив қызметіне ағымдық басшылықты жүзеге асырады және байқаушы кеңес пен кооператив мүшелерінің жалпы жиналысына есеп береді.

5. Кооператив басқармасының (кооператив төрағасының) құзыретіне осы Заңмен және кооперативтің құрылтай құжаттарымен кооперативтің жалпы жиналысының немесе байқаушы кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылмаған кооператив қызметінің барлық мәселелерін шешу жатады.

6. Басқарма өзінің шешімін кемінде үш айда бір рет өткізілетін отырыстарында қабылдайды.

Егер басқарманың отырысына оның мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, ол құқылы болып саналады.

Басқарма отырысында мәселелер дауыс беру арқылы шешіледі. Егер басқарманың шешімі үшін оның отырыска қатысқан мүшелерінің жартысынан астамы дауыс берсе, ол қабылданды деп саналады. Егер "жақтап" және "қарсы" берілген дауыстар тең бөлінген жағдайда басқарма төрағасының даусы шешуші дауыс болып саналады.

Кооператив жарғысында көпшілік дауыспен немесе бірауыздан шешім қабылданатын мәселелер тобы көзделуі мүмкін.

7. Басқарма төрағасы (кооператив төрағасы) кооператив атынан сенімхатсыз іс-әрекет жасайды; кооператив мүлкіне осы Занда көрсетілген шекте иелік етеді әрі кооперативтің атынан сенімхаттар, соның ішінде қайта сеніп тапсыру құқығымен, береді; банктер мен басқа да кредит беруші үйымдарда кооперативтің шоттарын ашады ; жалданбалы жұмыскерлерді жұмысқа қабылдал, жұмыстан шығаруды жүзеге асырады ; өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады әрі кооператив мүшелері мен жалданбалы қызметкерлердің орындалуына міндепті нұсқаулар береді.

Ескерту. 18-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2001.07.12. N 241 Заңымен; 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

18-1-бап. Банкроттық және оңалту рәсімінде өндірістік кооператив істерін басқару

Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен өндірістік кооператив банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

Ескерту. 4-тaraу 18-1-баппен толықтырылды - ҚР 07.03.2014 N 177-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

19-бап. Кооперативтің басқару органдарының шешімдері мен іс-әрекетіне шағым жасау

1. Кооперативтің атқарушы органдарының шешімдері мен іс-әрекетіне кооператив мүшелері мен жалданбалы жұмысшылар байқаушы кеңеске шағым жасай алады, ол кооператив мүшелерінің жалпы жиналышы осы мәселені қарағанға дейін шағым жасалған актілерді тоқтата туруға хақылы.

2. Басқарма төрағасының шешімдері мен іс-әрекетіне кооператив басқармасына шағым жасауға болады, ол шағым жасалған актілерді жоюға хақылы.

3. Кооперативтің атқарушы аппараты лауазымды тұлғаларының шешімдері мен іс-әрекетіне кооператив басқармасына (кооператив төрағасына) шағым жасауға болады, ол шағым жасалған актіні жоюға хақылы.

4. Кооператив басқармасының кез-келген органдары мен атқарушы аппараты лауазымды тұлғаларының шешімдеріне кооператив мүшелерінің жалпы жиналышына шағым жасауға болады, ол шағым жасалған кез-келген актіні жоюға хақылы.

5. Кооперативтің басқару органдарының шешімдеріне сотқа шағым жасауға болады.

Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.02.2017 № 49-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5-тарау. Өндірістік кооператив қызметінің экономикалық негіздері

20-бап. Өндірістік кооперативтің мүлкі

1. Өндірістік кооператив мүлкін құрайтын көздер мыналар:
 - 1) кооператив мүшелерінің мүліктік жарналары;
 - 2) оның қызметінен алынған табыстар;
 - 3) заң актілерімен тыйым салынбаған өзге де көздер болып табылады.
2. Өндірістік кооперативтің меншігіндегі мүлік кооператив жарғысына сәйкес оның мүшелерінің пайларына бөлінеді.

Пай өндірістік кооператив мүшелерінің кооператив мүлкіндегі үлесі болып табылады.

3. Кооператив мүшелерінің кооператив мүлкіндегі үлестері процент түрінде есептеледі.

4. Өндірістік кооператив таратылған (осы Заңның 25-бабы) немесе кооператив мүшесі одан шыққан жағдайда (осы Заңның 11-бабы), кооператив мүшесінің пайына сәйкес кооператив мүлкіндегі үлесін бөліп алуға құқығы бар.

21-бап. Өндірістік кооперативтің қорлары

1. Кооперативтің құрылтай құжаттарында кредит берушілердің мүдделеріне кепілдік беретін кооператив мүлкінің ең тәменгі мөлшерін белгілейтін кооперативтің жарғылық қорын құру көзделуі мүмкін.

Жарғылық қордың мөлшері мен оны құру тәртібі кооператив жарғысында белгіленеді.

Егер кооператив заң актілерінде осындай қызметті жүзеге асыратын үйымдарда белгілі мөлшердегі жарғылық қордың болуы көзделетін қызметті жүзеге асырса, кооператив оны құруға және заң актілерінде көзделген тәртіппен пайдалануға міндетті.

2. Кооператив жыл сайынғы пайдасынан аударымдар жасаудың есебінен резервтік қор құра алады, ол кооперативтің кредит берушілер алдындағы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуге және көзделмеген шығыстарды өтеуге арналады.

Резервтік қордың мөлшері мен оны құру тәртібі кооператив жарғысында белгіленеді.

Егер кооператив заң актілерінде осындай қызметті жүзеге асыратын үйымдарда белгілі мөлшердегі резервтік қордың болуы көзделетін қызметті жүзеге асырса, кооператив оны құруға және заң актілерінде көзделген тәртіппен пайдалануға міндетті.

3. Кооператив өзінің өндірістік-шаруашылық қызметті мен әлеуметтік дамуына өзге де ақшадай және материалдық қорлар құруға хақылы.

Мұндай қорлар тізбесі, оларды құру және жұмсау тәртібі кооператив жарғысында белгіленеді.

22-бап. Өндірістік кооперативтің таза табысы мен шығынын бөлу

1. Өндірістік кооперативтің таза табысы жыл қорытындысы бойынша анықталады. Салықтар мен басқа да міндетті төлемдер төленгеннен кейін қалған таза табыс кооперативтің толық қарамағында қалады және оның мүшелерінің жалпы жиналышы мен кооперативтің құрылтай құжаттарында көрсетілген мақсаттарға бөлінеді.

2. Егер кооператив жарғысында өзгеше тәртіп көзделмесе, жалпы жиналыш белгілеген мөлшерде таза табыс кооператив мүшелерінің арасында олардың еңбегімен қатысуына қарай бөлінеді.

3. Кооператив мүшелерінің қайсыбірін таза табысты бөлуге қатысадан және шығынды өтеуден шеттететін кооператив мүшелерінің келісімдері немесе оның құрылтай құжаттарының ережелері маңызды болып танылады.

4. Кооперативтің өз мүлкімен өтелмеген шығыны осы Заңның 14-бабына сәйкес оның мүшелерінің арасында бөлінеді.

Ескерту. 22-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2001.07.12. № 241; 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған кунінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

23-бап. Өндірістік кооперативтердегі еңбек қатынастары

1. Кооператив мүшелерінің еңбек жағдайлары осы Заңмен және кооперативтің құрылтай құжаттарымен, ал кооперативте еңбек шарты бойынша жұмыс істейтіндердің еңбек жағдайлары - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.

2. (алып тасталды)

3. Кооператив мүшелерінің кооператив қызметіне жеке еңбегімен қатысқаны үшін берілетін сыйақының мөлшері жалпы жиналыштың шешімімен белгіленеді.

Егер құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе, жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеудің мөлшері, соның ішінде лауазымдық жалақылары мен тарифтік ставкаларын қоса алғанда, кооператив мүшелерінің жалпы жиналышының шешімімен белгіленеді.

Барлық жағдайларда кооперативтегі жұмыскерлердің жалақысының ең төменгі мөлшері заң актілерімен белгіленген жалақының ең төменгі деңгейінен кем болмауға тиіс.

Кооператив мүшелері мен оның жұмысшыларының жеке табысының ең жоғары мөлшеріне шек қойылмайды.

4. (алып тасталды)

5. Кооперативте жұмыс істеген уақыт еңбек стажына қосылады.

6. Кооператив төрағасына, басқарма мүшелеріне, байқаушы кеңесі мен тексеру комиссиясының мүшелеріне тәртіптік жазалар, соның ішінде қызметтен босатуды қоса, тек қана кооператив мүшелерінің жалпы жиналышының шешімімен қолданылады, ал оның өзге басшы қызметкерлеріне, сондай-ақ кооператив басқармасы (төрағасы) қолданады.

7. Кооперативтегі жұмыс күнінің ұзақтығы мен тәртібі, демалыстарды, қосымша демалыстарды қоса, демалыс күндерін, беру және басқа еңбек шарттары еңбек

зандарына сәйкес кооперативтің ішкі еңбек тәртібінің ережелерінде, сондай-ақ еңбек шартында белгіленеді.

Жыл сайынғы демалыс уақытының ұзактығын қоса, демалыс уақытының ұзактығы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында қызметкерлердің тиісті санаттары үшін белгіленген ең төменгі мөлшерден кем болмауға тиіс.

Кооператив заңда белгіленген ережелер мен нормаларды басшылыққа ала отырып, еңбекті қорғауды, техникалық қауіпсіздікті, өндірістік тазалық пен санитарияны қамтамасыз ету шараларын жүзеге асырады.

8. Кооператив мүшелері және оның жұмыскерлері сақтандыруға және әлеуметтік қамсыздандыруға жатады.

Жүкті әйелдерге (кооператив мүшелеріне және жұмыскерлерге) бұрынғы жұмыс орнындағы орташа жалақысы сақтала отырып неғұрлым жеңіл жұмыс беріледі. Жүкті болуға, бала тууга және баланы бағып-күтүге байланысты берілетін демалыс, сондай-ақ жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдер үшін басқа да кепілдіктер Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген тәртіппен беріледі.

Кооператив өзінің 18 жастан аспаған мүшелері және қызметкерлері үшін қысқартылған жұмыс күнін және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген басқа да кепілдіктерді белгілейді.

Жалпы жиналыстың шешімімен кооператив өз табысы есебінен мүшелерін әлеуметтік қамсыздандыру жөнінде қосымша жеңілдіктерді енгізуге хақылы.

Ескерту. 23-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.12. № 241 Заңымен, 2007.05.15. № 253 Заңымен.

6-тарау. Өндірістік кооперативті қайта құру және тарату

24-бап. Өндірістік кооперативті қайта құру

1. Өндірістік кооператив өзінің құрылтай құжаттарында және осы Занда белгіленген тәртіп бойынша кооператив мүшелерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша ерікті түрде қайта құрылуы мүмкін.

Кооперативтер біріккен және қосылған жағдайда қайта құрылатын кооператив мүшелері пайларының мөлшері сақталады.

2. Өндірістік кооператив оның мүшелерінің бірауызды шешімі бойынша шаруашылық серікtestіктер болып қайта құрылуы мүмкін.

3. Өндірістік кооперативтің қайта құрылуының өзге негіздері мен тәртібі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі мен басқа да заң актілерінде белгіленеді.

25-бап. Өндірістік кооперативтің таратылуы

1. Өндірістік кооператив осы Занда және оның құрылтай құжаттарында белгіленген тәртіппен кооператив мүшелерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша ерікті түрде таратылуы мүмкін.

2. Егер кооперативтің басқа мүшелерінің одан шығуының нәтижесінде жалғыз мүшесі қалса, онда ол алты ай ішінде не жаңа мүшелер қабылдан, кооперативті сақтап қалуға, не оны Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес бір адам құра алатын шаруашылық серіктестік етіп қайта құруға хақылы. Осы талаптар орындалмаған ретте алты ай мерзім өткеннен кейін кооператив таратылуға тиіс.

3. Өндірістік кооперативті таратудың өзге негіздері мен тәртібі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі мен басқа да заң актілерінде белгіленеді.

4. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін таратылатын кооперативтің қалған мүлкі кооператив мүшелерінің арасында олардың пайларына сәйкес бөлінеді.

7-тaraу . <*>

Ескерту. 7-тaraу алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2001.07.12. № 241 Заңымен.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК